

## Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 7 қазандағы N 284-І

I. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 33-баптың 4-тармағында "Мемлекеттік қызметшінің жасы алпыс жастан, ал ерекше жағдайларда алпыс бес жастан аспауға тиіс" сөздері алынып тасталсын.

2 . 4 1 - б а п т а :

1-тармақта "бес" сөзі "жеті" сөзімен алмастырылсын;

2-тармақта "отыз бес" сөздері "қырық" сөзімен алмастырылып, "және алпыс бес жастан аспаған" сөздері алынып тасталсын;

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

5-тармақта "Егер сайлаушылардың елу процентінен астамы дауыс беруге қатысқан болса, сайлау өткізілді деп есептеледі." сөздері алынып тасталсын.

3 . 4 2 - б а п т а :

2-тармақта "Президент кезектен тыс сайлауда сайланған ретте ант беру сайлау нәтижелері жарияланған күннен бастап бір ай ішінде өткізіледі" сөздері " Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді." сөздерімен алмастырылсын;

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

4. 44-баптың 7) тармақшасы "Төрағасын" сөзінен кейін "және екі мүшесін" сөздерімен толықтырылсын.

5. 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

" 4 8 - б а п

1. Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына көшеді; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Республиканың Премьер-Министріне көшеді. Өзіне Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының немесе Премьер-Министрдің өкілеттігін

тапсырады. Бұл жағдайда бос тұрған мемлекеттік лауазымдарды иелену Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздерде және тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған тұлғаның Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар туралы бастамашылық жасауға құқығы жоқ."

6. 49-баптың 2-тармағында "Парламенттің өкілеттік мерзімі - төрт жыл" сөздері алынып тасталсын.

7. 50 - бапта :

2-тармақта "Парламент өкілеттігі мерзіміне" сөздері "Сенат өкілеттігі мерзіміне" сөздерімен алмастырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мәжіліс жетпіс жеті депутаттан тұрады. Алпыс жеті депутат Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылатын және шамамен сайлаушылардың саны тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Он депутат бара-бар өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланады."

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл."

8. 51 - бапта :

2-тармақта "екі жыл" сөздері "үш жыл" сөздерімен алмастырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қала мен республика астанасының барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен отырысында дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың немесе таңдаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі аталған дауыс санын ала алмаған жағдайда, қайтадан дауыс беру жүргізіледі, оған неғұрлым көбірек дауыс санын алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың немесе таңдаушылардың неғұрлым көбірек дауыс санын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Мәжіліске сайлаудың қорытындылары бойынша депутаттық мандаттарды партиялық тізімдер негізінде бөлуге дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың кемінде жеті процентінің дауысын алған саяси партиялар жіберіледі. Егер дауыс беруге таңдаушылардың елу процентінен астамы қатысса, Сенатқа сайлау өткізілді деп есептеледі. Республика Парламенті депутаттарын сайлау тәртібі конституциялық заңда айқындалады."

9. 52-баптың 3-тармағында "Парламент депутатының өкілеттігі, тоқтатылған немесе мерзімі аяқталған жағдайда оның бұрынғы жұмысын (қызметін) сақтауға немесе нақ

сондай жұмыс (қызмет) тауып беруге кепілдік берілмейді." сөздері алынып тасталсын.

10. 56-баптың 4) тармақшасында "және оның кезектен тыс сайлауын тағайындау" сөздері алынып тасталсын.

11. 57 - бапта :

1) тармақшада "екі" сөзі "үш" сөзімен алмастырылсын;

б) тармақша :

"егер Республика Президенті мұндай өтінішті қабылдамай тастаса, онда депутаттар Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен алғашқы өтініш берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдында Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы мәселені қайталап қоюға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады." сөздерімен толықтырылсын.

12. 66 - бапта :

2) тармақшада "әзірлеп" сөзі алынып тасталсын.

9) тармақша алынып тасталсын.

13. 68-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербестікке ие әрі өздеріне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында жеке-дара жауап береді. Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не ол лауазымнан босатылуға тиіс."

14. 75-баптың 2-тармағы мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқа заседательдерінің қатысуымен жүзеге асырылады."

15. 82-баптың 4-тармағы "Президенті" сөзінен кейін "тағайындаған Төраға" сөздерімен толықтырылсын.

16. 87-баптың 4-тармағында "Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдерін олардан жоғары тұрған әкімдер тағайындайды" сөздері "Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері қызметке Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен тағайындалады немесе сайланады." сөздерімен алмастырылсын.

17. 91-баптың 1-тармағы "Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, онда Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік даусымен Парламент осы өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады, егер республикалық референдумға қатысуға құқығы бар Республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, ол өткізілді деп есептеледі. Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға

өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі." сөздерімен толықтырылсын.

18. 94-баптың 1-тармағы "Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Республика Президенті өкілеттігінің қазіргі мерзімі Республика Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған Республика Парламентінің қаулысымен қысқартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Парламент Мәжілісі бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын тағайындайды. Осы сайлаудың қорытындылары бойынша сайланған Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап бір ай ішінде ант береді және жеті жылдан кейін желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс кезекті Президент сайлауында сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскенге дейін өз өкілеттігін жүзеге асырады.".

19. 95-бап мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Мәжілісі депутаттарын партиялық тізімдер негізінде сайлау туралы ережелері екінші шақырылатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлаудан бастап қолданылады.".

II. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті*